

"Өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 819 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 63 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 15 ақпандағы № 22 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 ақпанда № 31913 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

"Өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 819 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12740 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5 және 6-тармақтарына және 143-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді

пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) фитосанитариялық тәуекелі жоғары және төмен карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.*

Т. Жаксылыков

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а.

2023 жылғы 15 ақпандағы

№ 22 мен

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 15 ақпандағы
№ 63 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 15-05/1138 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 819 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, өсімдіктер карантині саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – қызметі өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар;

2) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды астықпен және оның өңделген өнімдерімен технологиялық операциялар жүргізілгеннен кейін түсіру алаңдарында, қойма үй-жайларында және технологиялық жабдықтарда қалдықтардың (қоқыстардың, өсімдік қалдықтарының) болуы түрінде бұзу;

3) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасында белгіленген, болмашы және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын талаптарды бұзу;

4) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу;

5) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау және қадағалау субъектісінен (объектісінен) тікелей тәуелді емес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

9) тексеру парағы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің (бұдан әрі – тәуекел дәрежелері) біріне жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (

объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

2-тарау. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) отырғызылатын және (немесе) тұқымдық материалды себуді, сақтауды, тасымалдауды және өткізуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері жатады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен жасалған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

2) карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

3) ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және зарарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

4) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) фитосанитариялық тәуекелі жоғары және төмен карантинге жатқызылған өнімді зарарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) карантинге жатқызылған өнімді өткізуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

2) фитосанитариялық тәуекелі төмен карантинге жатқызылған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өңдеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайданылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау және қадағалау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы, оның ішінде бақылау және қадағалау субъектісінің аумақтарында аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерді, олардың таралу ошақтарын анықтау;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар);

6) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

10. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мыналар пайдаланылады:

1) осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өңдеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар;

2) осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын

бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар;

3) осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар;

4) осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) фитосанитариялық тәуекелі жоғары және төмен карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар.

11. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар үш бұзушылық дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

12. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

3-параграф. Тәуекелдерді басқару

13. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелеу қағидатын іске асыру және бақылау мен қадағалауды бұзушыларға шоғырландыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) осы Өлшемшарттардың 19-тармағында айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

14. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері), егер Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса, онда ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау және

қадағалау субъектілерінің өсімдіктер карантині саласындағы тәуекелдің жоғары дәрежесінен тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады.

15. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі өсімдіктер карантині саласындағы осындай бақылау және қадағалау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

16. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес белгілі бір тәуекел дәрежесіне жатқызуға негіз болып табылады.

17. Субъективті критерийлерді талдау және бағалау бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) неғұрлым ықтимал тәуекелі бар бақылау субъектісінің (объектісінің) тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

18. Бұрын бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

19. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жүргізілетін талдау және субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді бағалау нәтижелері бойынша, бірақ жылына екі реттен жиілетпей айқындалады.

20. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Өсімдіктер карантині
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өңдеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		

1.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесін карантиндік объектілердің анықталғаны туралы хабардар етпеу	өрескел
2.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскенін хабарламау немесе оны тексеру үшін көрсетпеу	өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
3.	Карантиндік объектілермен және (немесе) карантинге жатқызылған өнімнің бөтен текті түрлерімен залалданған (ласталған) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
4.	Карантиндік объектілердің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдігінен айыру технологиясы бойынша залалданған карантинге жатқызылған өнімді өндегеннен кейін алынған өнімде өміршең карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
5.	Бақылау және қадағалау субъектісінің меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы карантинге жатқызылған объектілерде, жер учаскелерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
6.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
7.	Қазақстан Республикасының аумағынан фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясын	өрескел

	әкету кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы	
8.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің кері экспорттық фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
9.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болмауы	өрескел
10.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеуі	өрескел
11.	Қазақстан Республикасының аумағына азық-түліктік, азықтық және техникалық мақсаттарға пайдалану үшін әкелінген дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды тұқымдық мақсаттарға пайдалануға жол беру	өрескел
12.	Карантиндік арамшөптермен ласталған тұқымдық немесе отырғызылатын материалды себу үшін пайдалануға жол беру	өрескел
13.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
14.	Карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекетішілік тасымалдау кезінде әкелуге жол беру	өрескел
15.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол беру	өрескел

16.	Карантиндік фитосанитариялық аймақтан карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
17.	Карантиндік арамшөптердің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдігінен айыруды қамтамасыз ететін технологияның болмауы	өрескел
18.	Қалдықтарды, сыпырындыларды және қоқысты жағуға арналған пештің, жабдықтың немесе фитосанитариялық шұңқырлардың болмауы	өрескел
19.	Карантиндік аймақтардан импорттық карантинге жатқызылған өнімді тасымалдағаннан кейін көлік құралдарында залалсыздандырылуы және жойылуы тиіс карантинге жатқызылған материалдар қалдықтарының болуы	өрескел
20.	Қалдықтарды (қоқыстардың, өсімдік қалдықтарының) жоюдың немесе кәдеге жаратудың жүргізілмеуі	өрескел
21.	Карантинге жатқызылған өнімді сақтау немесе қайта өңдеу жүзеге асырылатын қойма үй-жайларына, кәсіпорындарға жыл сайынғы профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу туралы мәліметтердің болмауы	өрескел
22.	Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін отырғызылатын немесе тұқымдық материалды пайдалануға жол беру	елеулі
23.	Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін импорттық отырғызылатын немесе тұқымдық материалды сақтау шарттарының сақталмауы	елеулі
24.	Карантинге жатқызылған өнімді таңбалаудың болмауы	елеулі
	Жолда немесе межелі пунктте карантинге жатқызылған өнімнің баратын жерін өзгерту кезінде	

25.	өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі рұқсатының болмауы	елеулі
26.	Карантиндік объектілер таралған аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өнімді карантиндік объектілерден таза аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өніммен бірге сақтаудың немесе тазартудың жүзеге асырылуына жол беру	елеулі
27.	Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, дайындаумен, өңдеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және өткізумен байланысты егістіктерді, аумақтарды, қоймаларды жүйелі түрде зерттеп-қараудың жүргізілмеуі	елеулі
28.	Қатты жабыны бар түсіру алаңының болмауы	елеулі
29.	Қойма үй-жайларының болмауы	елеулі
30.	Астықпен және оның өңделген өнімдерімен технологиялық операциялар жүргізілгеннен кейін түсіру алаңдарында, қойма үй-жайларында және технологиялық жабдықтарда қалдықтардың (қоқыстардың, өсімдік қалдықтарының) болуы	болмашы
Бақылау және қадағалау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
31.	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағында қолайсыз оқиғалардың, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерді, олардың таралу ошақтарын анықтаудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
32.	Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамау жөнінде бір және одан да көп расталған шағымның немесе өтініштің болуы	өрескел
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
33.	Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау	өрескел

	шеңберінде берілген ұсынымның орындалуы бойынша ақпараттың ұсынылмауы	
Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау		
34.	Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының интернет-ресурстарынан карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің анықталғаны туралы ресми ақпараттың келіп түсуі	өрескел
35.	Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеу фактілері туралы расталған мәліметтердің болуы	өрескел
36.	Бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеу фактілері туралы расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
37.	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізбеуінің белгіленген фактілері туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктер карантині
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі

1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесін карантиндік объектілердің анықталғаны туралы хабардар етпеу	өрескел
2.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскенін хабарламау немесе оны тексеру үшін көрсетпеу	өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
3.	Карантинге жатқызылған объектілерде, жер учаскелерінде (алқаптарында) бақылау және қадағалау субъектісінің меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
4.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
5.	Қазақстан Республикасының аумағынан фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясын әкету кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы	өрескел
6.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің кері экспорттық фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау	

7.	кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болмауы	өрескел
8.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеуі	өрескел
9.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
10.	Карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекетішілік тасымалдау кезінде әкелуге жол беру	өрескел
11.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол беру	өрескел
12.	Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің келісу хатының болмауы	өрескел
13.	Карантиндік объектілерді оқшаулау шарттарына сәйкес зертханалардың (жылыжайлардың) ғимараттардан және сыртта өсетін өсімдік-иелерден оқшауланбауы	өрескел
14.	Зертханада (жылыжайларда) саңылаусыз (оның ішінде кәріз және су құбырларының айналасында) тұтас қабырғалардың және эксперименттер жүргізуге арналған герметикалық үстелдер мен едендердің, сондай-ақ ауа өткізбейтін есіктердің (оқшаулағыш аралық қабаты бар) және терезелердің (оқшаулаудағы организмдерге сәйкес келетін ұяшықтардың өлшеміндей торлармен жабдықталған) болмауы	өрескел

15.	Зертханада (жылыжайларда) герметикалық су құбырларының, кәріздердің және мәжбүрлі желдетудің болмауы	өрескел
16.	Киім ауыстыратын бөлмелердің болмауы	елеулі
17.	Арнайы жеке костюмдердің, аяқ киімнің және бас киімнің болмауы	елеулі
18.	Тиісті өлшемдегі тор ұяшықтары бар тығыз жабылатын шарбақтардың болмауы (кіріктірілген жеңдердің көмегімен жұмыс)	елеулі
19.	Жұмыс орнында залалсыздандыруға арналған жабдықтың (төмен температуралы тоңазытқыштар, автоклавтар, құрғақ ыстық пештер) болмауы	елеулі
20.	Микробиологиялық зерттеулерге арналған бокстың болмауы	елеулі
21.	Тамбурларда ультракүлгін сәулелендіргіштің болмауы	елеулі
22.	Тамбурларда жәндіктерге арналған жабысқақ немесе феромонды тұзақтардың болмауы	елеулі
23.	Оқшаулау орындарында раковиналардың немесе бір рет қолданылатын қолғаптардың, сондай-ақ оқшаулау орындарымен іргелес немесе олардың ішінде душтардың болмауы	елеулі
24.	Рұқсаттың шектеулі екенін білдіретін тиісті белгілердің болмауы	елеулі
25.	Оқшаулау орындарында рәсімдерді тіркейтін арнайы журналдың болмауы	елеулі
26.	Жолда немесе межелі пунктке карантинге жатқызылған өнімнің баратын жерін өзгерту кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі рұқсатының болмауы	елеулі
Бақылау және қадағалау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
27.	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағында қолайсыз оқиғалардың, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерді, олардың таралу ошақтарын	өрескел

	анықтаудың расталған фактілерінің болуы	
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
28.	Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамау жөнінде бір және одан да көп расталған шағымның немесе өтініштің болуы	өрескел
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
29.	Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай-ақ жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымның орындалуы бойынша ақпараттың ұсынылмауы	өрескел
30.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салуды немесе шектеулерді бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
31.	Карантиндік фитосанитариялық аймақтан карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салуды немесе шектеулерді бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау		
32.	Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының интернет-ресурстарынан карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің анықталғаны туралы ресми ақпараттың келіп түсуі	өрескел
Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
33.	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізбеуінің белгіленген фактілері туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктер карантині
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесін карантиндік объектілердің анықталғаны туралы хабардар етпеу	өрескел
2.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскенін хабарламау немесе оны тексеру үшін көрсетпеу	өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
3.	Залалсыздандырылған ағаштан жасалған буып-түю материалында карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
4.	Бақылау және қадағалау субъектісінің меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы карантинге жатқызылған объектілерде, жер учаскелерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
5.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
6.	Қазақстан Республикасының аумағынан фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясын әкету кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы	өрескел

7.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің кері экспорттық фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
8.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болмауы	өрескел
9.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеуі	өрескел
10.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
11.	Карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекетішілік тасымалдау кезінде әкелуге жол беру	өрескел
12.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол беру	өрескел
13.	Ағаштың терең бөліктерін 30 минут бойы плюс 56 градустан (бұдан әрі – °С) төмен емес температураға дейін жылытуды қамтамасыз ететін кептіру камерасының болмауы	өрескел
14.	Зиянды организмдермен залалданған ағашты немесе ағаштан жасалған буып-түю материалын, ағаштың қалдықтарын және қабығын жоюға арналған пештің немесе жабдықтың болмауы	өрескел
	Жылыту басталғаннан кейін 30 минут ішінде ағаштың бүкіл	

